

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
КеАҚ-тың 2021 -2024 оқу жылдарына арналған**

САПА САЯСАТЫ

Университеттің сапа Саясаты медициналық кадрлар даярлау, медициналық қызмет көрсету барысында инновациялық әдістер мен технологиялар ендіруге, білім беру және медициналық қызмет көрсету нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Сапа Саясаты мыналарды көздейді:

- ғылым, білім және клиниканы интеграциялау негізінде отандық және халықаралық еңбек нарығында білікті және сұранысқа ие мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды;
- магистратура мен докторантурада жоғары кәсіби құзыреттілік деңгейдегі, педагогикалық және зерттеушілік дағдылары бар жоғары мамандандырылған ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды;
- білім беру үрдісінде қашықтықтан, озық білім беру технологияларын қолдану арқылы үздіксіз кәсіби дамуды жетілдіруді;
- білім беру және медициналық қызмет көрсету нарығында университеттің ғылыми, клиникалық қызметімен қатар оқу процесін біріктіру арқылы университеттің ұстанымын нығайту, университеттің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- заманауи ғылыми және оқу жабдықтарын сатып алу және онымен байланысты инфрақұрылымды дамыту арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды;
- ИСО 9001:2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес университеттің сапа менеджменті жүйесін қолдау және жақсартуды;
- әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу, ғылыми және білім беру жобаларына қатысуды;
- жастар саясатындағы жүйелі тәсіл, студенттердің өзін-өзі басқаруын дамытуды;
- түлектерді даярлау және еңбекке орналастыру бойынша ЖОО-ның жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдар жүйесін жетілдіруді;
- медицина, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау, соның ішінде халықаралық серіктестік саласындағы басқа да жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар және ұйымдармен серіктестікті және тәжірибемен алмасуды дамыту, миссиясы және стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін серіктестермен бірлескен жобаларды ілгерілетуді.

Сапа Саясаты университеттің Миссиясы мен даму бағдарламасына сәйкес келеді және халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуге қабілетті жоғары кәсіби медициналық кадрларды даярлау саласында тұтынушылардың үміттерін жүзеге асыруға бағытталған.

Басқарма Төрағасы – Ректор

М.К. Телеуов

«22» 04

